

«№5 «Аққу» бөбекжай – бақшасы» КМҚК

Білім беру саласы: «Таным», «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану, сурет салу

Тақырыбы: «Қанқызы және ара», «Шөптегі қанқызы»

Өткізген: Шакиева Г.А
Ересек №3 «Балдырған»
тобының тәрбиешісі.

Атырау-2022ж.

Білім беру саласы: «Таным». «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану, сурет салу

Тақырыбы: «Қанқызы және ара» », «Шөптегі қанқызы»

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту, табиғаттағы тіршіліктің оянуын, жәндіктердің тіршілігі, олардың атауы, пайдасы мен зияны туралы түсініктер беру. Жәндіктерге байланысты жұмбақ шешу арқылы қызығушылығын тудыру. Ара мен қанқызын таныстырып, айырмашылығын таба білуге үйрету. Оларға қамқорлықпен қарап, қорғауға тәрбиелеу. Қанқызының суретін көрсетіп, бояудың әдістерін қолданып, бояуымен сурет салуға жаттықтыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қолданылған көрнекі құралдар: Үйлестірмелі материалдар, дидактикалық ойын, луллия шеңбері, мнемокесте, сурет салуға керекті құралдар.

Әдіс-тәсілдері: жұмбақ, сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

Сөздік жұмыс: жәндік, көбелек, ара, қанқызы, құмырсқа, өрмекші.

Жүру барысы: Шаттық шеңбер:

Біз қандаймыз, қандаймыз!

Шұғылалы таңдаймыз

Қуанамын менде

Қуанасың сенде.

Қуанайық достарым

Арайлап атқан күнге де!

Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қандай мезгілі?

Балалар: Қазір жылдың көктем мезгілі.

Тәрбиеші: Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? (күн жылынады, ағаштар бүршік жарады. Құстар жылы жаққа ұшып келеді, жәндіктер жер бетіне шыға бастайды.)

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы мына гүлдердің арасында жәндіктер жүрген сияқты. Бұл қандай жәндік?

Балалар: Қанқызы, ара

Тәрбиеші: Қанқызы мен ара бізге тапсырмалар әкеліпті.

Жұмбақ шешу.

Гүлдерге қонады

Шырынын сорады

Түр – түсі сары – ала

Бұл не? Шешуі: Ара

Қылдай белі бүгілген
Өзінен де жүгі үлкен. Ол не? Шешуі: Құмырсқа

Гүл ұшып гүлге қонады,
Гүл бақшам гүлге толады.
(Көбелек)

Қызыл түйме
Үстінде нүкте. (қаңқызы)

Жұмбақтар не жайлы, оларды бір сөзбен қалай атайды?

- Жәндіктер

Ара- ол өте пайдалы жәндік, аралар бал жинауды жақсы көреді, ол балды гүлдердің шырынынан жинайды, араның түсі ақшыл сары ала түсті. Бұл балды адамдар пайдаланады, емге қабылдайды. Аралар балды гүлдерден жинап мына омартаға (жәшікке) әкеліп салады, одан бал аламыз. Бал пайдалы болғанымен араларға жақындауға болмайды, шағып алады, ол өте қауіпті.

Қаңқыз- түсі қызыл, аяғы, басы, мұртшасы қара, үстінде ұсақ-ұсақ қара нүктелері бар.

Қаңқызы бау-бақшадағы көкөністерден зиянды құрттарды жоқ қылады. Олар ұсақ жәндіктерді жейді, жапырақтарды тазартады. Бұл жәндіктің адамға еш зияны жоқ, оны қолға ұстасақ өрмелеп жүреді, қанаттарын жайып ұшады.

-Ағаш қабағының астында, қуысында, жерге түскен жапырақ арасында қыстайды.

Айырмашылығы: Араның сыртында түгі бар, пайдасы бал береді.

Қаңқызы зияны жоқ, жапырақтарды тазартады. Қаңқыздың сырты тегіс қызыл түсті қара нүктесі бар кішкентай жәндік.

Ортақ қасиеті: Қанаттарымен ұшады, өсімдіктердің арасында мекендейді. ара ызыңдайды, шағады, қаңқызын қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап — сары жағымсыз иісі бар уын шығарады

Дидактикалық ойын: «Не қайда мекендейді?»

Мақсаты: Луллия шеңбері арқылы жәндіктердің мекенің табып, атау. . Сөздік қорын молайту.

Жеке жұмыс: «Көлеңкесін тап»

Мақсаты: Балаларды әр жәндіктердің көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту. Тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Сергіту сәті:

Ұзын мұртты құмырсқа,
Келе жатты жұмысқа
Допты алып қолыма,

Қойдым оның жолына
Оң жағына қарады,
Сол жағына қарады,
Допты тау деп ойлады.

Қаңқызының тіршілігімен таныстық,енді жапырақтың үстіндегі қаңқыздың
реңін келтіре отырып бояймыз.Ол үшін біз оң қолымызға қылқаламды
алып,субояққа батырып,қызыл түсін бояп алайық. Содан кейін жапырағын
жасыл түспен бояймыз.Оң қолымыздың сұқ саусағын кара түске батырып
алып,қаңқыздың үстіндегі нүктелерді саламыз.
Балалар,осымен қаңқыздың бейнесі дайын болды.Әркім өзінің алдындағы
параққа, қаңқыздың суретін бояуды бастайық.

Қорытынды:Балалар бүгін қандай жәндіктермен таныстық?
Олардың қандай пайдасы бар?
Ненің сурет салдық? Балаларды мадақтау.
Бүгін балалар көңіл күйлерін қандай?
Бүгінгі жасаған жұмыстарына ризамын.